

обеспечение качества среды обитания для благоприятной жизни человека, вследствие производственной и иной деятельности.

Следствием и результатом этого будет устойчивое экономического развития, социальная удовлетворенность, возрастающая экономическая активность в условиях изменения климата.

Таким образом, национальная политика должна содержать правовые механизмы, направленные на предотвращение дальнейшего загрязнения и эффективного использования природных ресурсов и окружающей среды, повышения уровня и надлежащей утилизации отходов производства и потребления, посредством введения ужесточения наказания, не только в гражданском и административном порядке, но и усиления норм уголовного законодательства.

Кроме того, возникает необходимость введения строгих правовых мер, относительно отказа или ненадлежащего исполнения по ликвидации накопленного вреда окружающей среде, а также сохранение биологического разнообразия, экосистем суши и моря, смягчения негативных последствий воздействия изменений климата на элементы окружающей среды.

Для обеспечения соответствующих правовых ориентиров обеспечения экологической безопасности возникает необходимость в осуществлении эффективного взаимодействия органов государственной власти, частного и производственного секторов.

Список литературы:

1. Кодекс Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI «Экологический кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.01.2023 г.)
2. Экология. Справочник. Электронное издание. <https://ru-ecology.info/term/50054/>
3. Вестник энергетической промышленности <https://www.energyprom.kz/>
4. Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде. <http://law.gov.kz/client/#!/doc/844/rus/05.07.2004>

ШЕТЕЛДЕРДЕ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асетова Г.Б., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті
Тусупов Н.М., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті
Тілеп Т.С., з.ғ.м., оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті

Қорғаншылық және қамқоршылықты реттейтін құқықты таңдауда басқа мемлекеттердің заңдары мен тәжірибесінде түрліше тәсілдер қолданылады. Бір елдерде (Қырғызстан, Лихтенштейн, Өзбекстан) қорғаншылық және қамқоршылықты бекіту мен күшін жою сот заңы бойынша, екіншілерінде - қорғаншылық және қамқоршылық бекітілетін немесе тоқтатылатын тұлғаға қатысты жеке заңның негізінде (Австрия, Армения, Белоруссия, Венгрия, Қазақстан, Италия, БАӘ, Португалия, Румыния және т.б.), үшінші бір елдерде - ел құқығы негізінде, әрекетке әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті тұлғаның азаматтығына қарай (Германия, Греция, Испания, Таиланд, Тунис, Түркия, Чехия, Оңтүстік Корея, Жапония және т.б.); төртінші бір елдерде – елдің домицилия (орналасқан жері) заңының негізінде немесе қамқорлыққа алынатын тұлғаның тұрған жері бойынша (ортақ құқық елдері, Латын Америкасының бірқатар елдері, канадалық Квебек провинциясы және т.б.) шешіледі. Бірқатар шет мемлекеттердің заңдары қорғаншылық және қамқоршылықты қабылдайтын тұлғаның міндеттеріне

қатысты сұрақты арнайы реттейді, ол жеке заңның негізінде (Армения, Белоруссия, Венгрия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Румыния) немесе қорғаншылық және қамқоршылықты қабылдайтын тұлғаның азаматтық заңының негізінде (Чехия) шешілуі тиіс [1;72].

18 ғасырдан Еуропадағы үйсіз балалар жөніндегі қамқорлықпен сопыханалар айналысты, сонымен қатар монах ордендерінде тастанды балаларға арналған жетімханалар болды. Мемлекет үлкен балалар мекемелерін ашты. Әйтсе де, еуропалық қоғамда жетім балалардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын ұғыну күшее түсті, оларға көмектесудің ең ізгі жолдарын табу мұраты ізгілік ұйымдарын құруға әкелді, олардың негізгі мақсаттарының бірі - балаларды тәрбиелеуге беретін отбасыларды тауып, үлкен балалар үйінде тұрып жатқан балаларды сонда орналастыру болды. Осылайша еуропалық патронаттық тәрбиелеу жүйесі қалыптаса бастады, бұл бүгінгі таңда Еуропада іс жүзінде балалар үйінің жоқ болуының бірден-бір себебі болды. Ата-анасыз қалған балаларды көбінесе асырап алады, өйткені Еуропа азаматтары үшін ең алыс туысының баласы туған болып табылады, оны балалар үйіне беру сатқындық болып саналады. Еуропада әрбір 100 мың тұрғыннан 3000 бала ата-анасыз қалады, бірақ жетімдердің барлығына жуығы ең таяу уақытта жаңа отбасын табады. Дегенмен, әр қилы қайырымдылық ұйымдары балалар мекемелеріне орасан зор қолдау көрсетеді. Бірінші кезекте бұл ұйымдар әр түрлі қорлар мен демеушілерді тартып, науқас балаларды емдеу және операция жасауға, саяхат жасауға, тағдыр тәлкегіне ұшыраған балалардың білім алуына қомақты қаржы бөледі. Еуропада қоғамдық ұйымдардың қажеттігіне халықтан ақшалай қаржы жинау кең таралған құбылыс. Адамдар үйден-үйді аралап, кей уақытта қомақты ақша сомасын жинайды, өйткені азаматтар қайырымдылық мақсаттағы істерге әрдайым қолдау көрсетеді. Еуропада бұрынғысынша балаларды орналастырудың патронаттық жүйесі белсенді әрекет етеді.

Патронаттық тәрбиелеу мамандық ретінде қарастырылады, өз бағалау жүйесі бар – аттестациялау мен лицензиялау және біліктілікті көтеру, тәрбиешіден бастап, қызметтің басшысына дейін мансаптық өсу қарастырылған. Өз кезегінде әлеуметтік қызметтер мұндай отбасыларды аса мұқият бақылап, науқас балаларды медициналық бақылауды үнемі жүзеге асырады, асырап алушы ата-аналармен тұрақты міндетті кездесулер өткізіп, онда мұндай науқас балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерінің мәселелерін талқылайды. Сол сияқты Еуропалық елдердің бірқатарында шіркеу қауымдары әлі күнге дейін жетімханалар ұстайды, мұнда балалар күтім және діни тәрбие алады, алайда айтарлықтай кемшілігі - мұнда балалар отбасылық өмір тәжірибесін ала алмайды.

Әрине тіпті дамыған Еуропа елдерінің өзінде де ата-аналары тірі бола тұра жетім қалған балалар да бар. Бұлар маскүнем, нашақорлар және психикалық ауытқушылықтары бар адамдардың балалары. Олардың тағдырын жергілікті әлеуметтік қызмет шешеді.

Болмашы мәселелер болса, отбасына әлеуметтік қызметкер бекітіліп, ол ата-ана мен балаға туындаған қиындықтарды жеңіп шығуға көмектесуге тырысады. Әлеуметтік қызметкерлер ата-ана үшін психологтармен сабақтар ұйымдастырса, бала үшін оның қатарластарының ортасында әр түрлі сөйісдер мен мерекелер ұйымдастырады. Ал қатерлі жағдайларда балаға қамқоршы болатын отбасын табады. Әдетте баланы туыстарына тәрбиелеуге береді. Швецияда, егер бала ата-анасынан айырылса немесе одан бас тартса, ол тез арада жаңа отбасын табады, өйткені бала асырап алғысы келетіндер бірнеше жылдар бойы кезекте тұрады. Нашар отбасынан шыққан балалар қолдаушы отбасылармен бақыланып отырады, балалар бір айда бірнеше күнді қолдаушы отбасында өткізеді. АҚШ-тағы балалардың жағдайы біздің елдегі «жетімдер мәселесіне» қарама-қайшы. Елде жетім балаларды асырап алуға орасан зор кезек бар. Балаларды Ресейден, Қытайдан, Румыниядан, Вьетнамнан шетке шығарады. Егер американдық ана сәбиді тәрбиелегісі келмесе, бірнеше күннен кейін оны басқа ата-ана асырап алады. Ересек балаларды қамқоршы отбасыларға белгілейді.

Мемлекет бұл отбасына жәрдемақы төлейді және салық төлеуден босатады. Еуропадағы жетімдік мәселесін шешудің ұтымды шешімі - 1949 жылы Австрияның Имст қаласында Герман Гмайнермен ашылған алғашқы Балалар ауылы - SOS болды. Герман Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ата-анасыз қалған балаларға көмек көрсетті. Сансыз демеушілер мен қызметкерлердің көмегімен қазіргі күні бұл ұйым әлемнің 132 еліндегі 1799 мекемеде балаларға көмек көрсетеді. SOS Балалар ауылында барлық мәселелерге арналған бағдарламалар бар. Арнайы аналар бағдарламасы ұйымның қызметкері болып табылатын әйелдерді кәсіби даярлықтан өткізіп, оған жалақы төлейді. Бұл лауазымға арнайы байқау бар. Қатаң анкеталау, тестілер, сұхбаттасу және аналар мектебінде тәжірибеден өту. Мұның бәрі балалар «ана» деген сөзді айтып қана қоймай, ол әйелдің жақын адам екенін сезінуі үшін жасалады. Аналық сезімі – бұл әйелдің ішкі жұмысы, баланы аялай білу және оған жылу сыйлау қабілеті. Тұрғындарының саны Астана тұрғындарынан аз шағын мемлекет - Австрияда тоғыз SOS Ауылы орналасқан, сонымен бірге мемлекеттік балалар үйлері де бар. Балалар үйлерін бара-бара осындай ауылдардың тәжірибесін пайдалана отырып, отбасылық тип бойынша қайта ұйымдастыру жоспарланып отыр[2;70]. Жақында Норвегияда бір күн ішінде балалар ауылдарына арнап, 20 миллион доллар жинады. Гмайнер өзінің алғашқы ауылына адамдардан тек бір шиллинг сұраған болатын. Ол ізгілік реакциясы тізбегіне ерекше сенді, ол сенімі бүкіл әлем бойынша Балалар ауылының зор желісін құрумен ақталды. Еуропада балаларды асырап алу және қорғаншылық бойынша процедуралар біршама жеңілдетілген, бұл өз кезегінде адамдарды балалар асырап алуға ниеттендіреді.

Америка құрама штаттарында балалардың негізгі құқықтары Конституцияда белгіленген. АҚШ-тың жоғарғы заңында бала толық құқықты тұлға ретінде жарияланған [3; 45]. Оның өмір сүруге, толыққанды дамуға, жағымсыз ықпалдардан, қатігездік және қанаушылықтан қорғалуға, сонымен қатар отбасылық, мәдени және қоғамдық істерге қатысуға толық құқығы бар. Бала асырап алу процесінде де балалардың құқығы байсалдылықпен ескеріледі, ал америкалық сот жүйесі негізгі жағдайларда балалардың құқығы ересектердің құқығына қарағанда аса маңызды деп мойындайды. Балалардың мүдделері ескеріле отырып қабылданған, ауып келген заңдар төмендегідей: 2000 жылдың 30 қазанындағы «Кәмелетке толмағандардың азаматтығы туралы» заңы («Child Citizenship Act»); 2002 жылдың 13 наурызындағы «Отбасылық демеушілік туралы» Заңы («Family Sponsor Immigration Act»); 2002 жылдың 6 тамызындағы «Бала мәртебесін қорғау туралы» Заңы («Child Status Protection Act») және 2002 жылдың 2 қарашасындағы «Ата-анасының өлімінен кейін баланың азаматтық алуы туралы» Заңы («Public Law 107 – 273») [4; 255].

2010 жылдың 30 қазанындағы «Кәмелетке толмағандардың азаматтығы туралы» иммиграциялық заңы. Аталған заң АҚШ-тан тысқары жерлерде туған балалардың белгілі санатының американдық азаматтық алу тәртібін реттейді. Заң 2001 жылдың 27 ақпанында күшіне енді, онда АҚШ азаматы емес 18 жасқа дейінгі және ата-анасымен бірге тұратын, тұрақты тұрғын мәртебесіне ие болған балалардың ата-анасының бірі АҚШ азаматы болған жағдайда, ол автоматты түрде американдық азамат болып саналады деп бекітілген.

1952 жылғы «Иммиграция және ұлт туралы» заңының ескі нұсқасы бойынша АҚШ-тан тысқары жерлерде туған балаға автоматты түрде американдық азаматтық алу үшін екі ата-анасының да АҚШ азаматы толуы қажет болатын. 2001 жылдың 13 маусымында АҚШ-тың Иммиграция және табиғилану қызметі қабылданған заңды қолдану бойынша нұсқаулық басып шығарды. Ең алдымен, американдық азаматтық алуға үміткер тұлға бала («child») болып танылуы керек, яғни иммиграциялық түсінік бойынша тұлға некеге тұрмаған және 21 жасқа (аталған жағдайда – 18 жасқа) толмаған болуы керек.

Сонымен қоса, осы заңның 101-102 баптарына сәйкес, баланың американдық азаматтық алуы туралы «заңды қорғаншы» түсінігіне жататын тұлға ғана өтініш жасай алады. Егер қорғаншылық – бұл белгілі жас мөлшеріне жетпеген балалардың жеке және

мүліктік құқықтарын қорғайтын форма болса, онда заңды қорғаншы – бұл заң аясында әрекет ете отырып, баланы тәрбиелеуді жүзеге асыратын және оның құқықтарын қорғайтын тұлға.

Иммиграциялық талаптарға сәйкес, балалардың заңды қорғаншысы ретінде: заңды ата-анасы; нағыз ата-анасы; заңмен мойындалған ата-анасы; өгей әкесі (өгей анасы); асырап алған ата-анасы танылады. Баланың заңды ата-анасы – некеде тұратын баланың биологиялық ата-анасы болып табылады, ИТҚ талаптарына сәйкес бала – олардың заңды баласы болып саналады және солармен бірге тұрады. Егер біреуі қайтыс болса, бала биологиялық ата-анасының біреуімен бірге тұрады. Өзара некеге тұрмаған, баланың биологиялық ата-анасы баланың нағыз ата-анасы болып табылады. Бұл жағдайда, иммиграциялық заңнама бойынша ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты анасы арқылы дәлелдеу керек. Егер бала оның әкесімен некеге тұрмаған әйелден туған болса, бала оның нағыз баласы болып табылады. ИТҚ-ға ана мен бала арасындағы туыстық байланысты дәлелдеу үшін қажетті жалғыз құжат – ол анасы мен баланың аты көрсетілген баланың туу туралы куәлігі болып табылады. Егер туу туралы куәлікте көрсетілген анасының қыз кезіндегі тегі оның қазіргі тегінен ерекшеленетін болса, онда анасы оның тегінің өзгеру себебін түсіндіретін құжатты көрсетуі керек. Әдетте, әйелдің тегі оның баласының әкесі боп танылмайтын адаммен некеге тұрғанда өзгереді. Бұл жағдайда неке қию туралы куәлік - туу туралы куәлікте көрсетілген ана мен иммиграциялық формада көрсетілген ана – бір тұлға екенін растайтын құжат болып табылады: әкесі арқылы дәлелденеді. Егер баланың әкесі оның анасына үйленбеген болса, онда әкесі мен баласының арасындағы туыстық қатынасты дәлелдеу керек. Біріншіден, әкесі баланың биологиялық әкесі екенін дәлелдеуі керек.

Мұндай дәлел болып әкесінің аты көрсетілген баланың туу туралы куәлігі саналады. Аталған құжатта әкесінің аты көрсетілмеген жағдайда, әкесі азаматтық хал актілерін тіркеу органдарына өзінің атын баланың туу туралы куәлігіне әкесі ретінде жазуы туралы өтініш жасауы керек. Мұны бала 18 жасқа толғанға дейін орындау керек. Кейбір елдерде әкесі баланың әкесі болып табылатыны туралы азаматтық сотта немесе үкіметтік органда мәлімдеуін талап етуі мүмкін.

Тіркеуші орган мұндай өтініш бала 18 жасқа толғанға дейін жасалуын талап етеді. Егер бұл дәлелдердің бірі де ұсынылмайтын болса, онда генетикалық талдауға жүгіну керек, бұған баланың анасының аталған ер адам баланың әкесі болып табылатыны туралы өтініші де тіркелуі керек. Екіншіден, әкесі тек биологиялық әкесі болатынын ғана емес, сонымен бірге өзі мен баласының арасында әке мен бала қатынасы бар екенін дәлелдеуі тиіс, мысалы, бала 18 жасқа толғанға дейін олар үнемі бірге тұрғанын дәлелдейтін хаттар, әкесінің баласына тұрақты түрде ақша салып тұрғандығын дәлелдейтін чектер, бірге түскен фотосуреттері, әкесінің аты көрсетілген мектеп жазбалары, оның табыс салығын төлегені туралы есептері, құттықтау ашықхаттары, әке мен баланың туыстық қарым-қатынастары туралы білетін кем дегенде екі куәгердің куәландырылған жазбаша растаулары Досмырзаев Н.Т. Шетел азаматтары[5].

Заңмен мойындалған ата-ана – бұл бала туылған кезде некеде тұрмаған, бірақ бала 18 жасқа толғанға дейін некелескен еркек пен әйел. Ана мен бала арасындағы туыстық қатынасты анықтау үшін баланың туу туралы куәлігі жеткілікті, ал әкесі мен баласының арасындағы туыстық қатынасты анықтау үшін сонымен бірге ата-анасының неке қию туралы куәлігін көрсету қажет.

Сонымен, заң шығарушы қорғаншылық және қамқоршылық органдары институтының көмегімен негізгі қам-қарекет ауыртпалығын мемлекеттік және муниципалдық органдардан тиісті жеке тұлғаға жылжытады, бұл үйлесімді дамыған қоғам, тұрақты экономика жағдайында өзін-өзі ақтайды. Бірақ, қамқоршылар мен қорғаншылар өз міндеттерін қайтарымсыз орындаған жағдайда, іс жүзінде мемлекет тарапынан қорғаншы немесе қамқоршы болғысы келген жеке тұлғаның белгілі материалдық қызығушылығын қанаушылық орын алатыны анық. Бүгінгі таңда адамның

жақыны туралы қам-қарекеті қоғамда әдетке айналуы керек, ол барлық мүмкін әдістермен ынталандырылуы керек. Сонымен қатар қамқорындағылардың құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін, қамқоршылардың (қорғаншылардың) әрекеттерін қадағалайтын тиісті шаралар нақты бекітілуі қажет. Сонда да, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны өсіп келеді. Бұл қарапайым емес жағдайдың шешімі – отбасылық, оның ішінде жетім балаларға қатысты саясатты ұйымдастырудың бірыңғай әдістемесін құрастыру. Өз құқықтарын сапалы жүзеге асыру үшін қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастардың қатысушылары бірыңғай құқықтық кешенді қажет етеді, онда қамқорлық пен қорғаншылықты реттейтін барлық нормалар жинақталуы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқық қорғау органдарымен өзара әрекетестігі - егжей-тегжейлі заңды пысықтауды қажет ететін сұрақтардың бірі. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары мен кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссиялардың құқықтық мәртебелерін нақтылау қажет. Біздің пікірімізше, олардың әрекеті көптеген жағдайларда бір бейінді болып келеді, олардың өмірдің қиындығына тап болған балаларды анықтау және орналастыру бойынша қызметінің негізгі жүктемесін бір басқару органы мойнына алуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Энтин М.Л. Международное поручительство прав человека: Практика Европы.- Москва, 2004. – 176 с.
- 2 Джандарбек Б. Некоторые вопросы теории и практики по делам об усыновлении (удочерении) / Б. Джандарбек // Де-Юре. Журн. юриста и нотариуса. - 2005. - №6. – С.69-74.
- 3 Конституция США: текст и комментарий: 2-части.- М.,1984.- 364 б
- 4 Шебанова Н.И. Семейные отношения в международном частном праве // Инфра: М., 2018 – 318 с.
- 5 Семейное право: Учебник/ Б.М.Гонгало, П.В. Крашенинникова, Л.Ю. Михеева, О.А. Рузакова; под ред. П.В. Крашенинникова.-4-е изд., перераб и дом.- М.: Статус,2019.-318 с.

ЖҰМЫСКЕРДІҢ ЕҢБЕК ФУНКЦИЯСЫН ОРЫНДАУ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШУ

Бурибаев Е.А., з.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Тұрлыханқызы Қ., 2 курс докторанты, Инновациялық Еуразия Университеті

Қазіргі таңда жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауға бағытталған еңбек заңнамасын дамыту және жетілдіру қажеттілігі, оның ішінде жеке еңбек дауларын сотта қарау тәртібі мен ерекшеліктеріне байланысты азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың маңызды және пәрменді тәсілдерінің бірі артып келеді. Қазіргі Қазақстандағы еңбек құқықтық қатынастарына қатысушылар ҚР Конституциясына, сондай-ақ Еңбек кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалатын құқықтар мен бостандықтардың кең шеңберіне ие.

Еңбек дауларын сотта қарау кезінде маңызды мәнге ие қайнар көздердің қатарында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын да атауға болады. Еңбек істері жөніндегі кейбір шешімдер мен қаулыларды дереу орындау туралы мәселе де жауапты қарауды талап етеді, өйткені Қазақстан Республикасы АПК-нің 237-бабы, ол жұмысқа қайта орналастыру туралы соттың дереу шешімінің қажеттілігі фактісін;